

Мәслихаттың "Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына өткізу қағидаларын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 наурыздағы № 141 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 ақпандағы № 91 шешімі. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 62 шешімімен

Ескерту. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 62 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына өткізу қағидаларын және ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 наурыздағы № 141 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4655 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы", орыс тіліндегі тақырыбындағы "ауылдар" деген сөз алынып тасталсын;

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиындарын

өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшаларында:

"Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 141 шешімімен бекітілген" деген сөздер "Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 141 шешіміне 1-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 141 шешіміне қосымша" деген сөздер "Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 141 шешіміне 2-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуликөл аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Қойшыбаев

Мәслихаттың
2020 жылғы 9 ақпандағы
№ 91 шешіміне
1-қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 19 наурыздағы
№ 141 шешіміне
1-қосымша

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округі тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін ауылдық округтің

аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Аманқарағай ауылдық округінің аумағы усчаскелерге (ауылдарға, көшелерге) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Аманқарағай ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Аманқарағай ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етіледі.

7. Ауыл, көше шегінде бөлек жиынды өткізуді Аманқарағай ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, көшенің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауыл, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Бөлек жиынды Аманқарағай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Аманқарағай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Әуликөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

11. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Аманқарағай ауылдық округінің әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың
2022 жылғы 9 ақпандағы
№ 91 шешіміне
2-қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 19 наурыздағы
№ 141 шешіміне
2-қосымша

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы

№ р/р	Аманқарағай ауылдық округінің ауылдарының, көшелерінің атаулары	Өкілдер саны (адам)
1	Аманқарағай ауылы	45
	Пристанционная көшесі	1
	Гагарин көшесі	1
	Павлов, Чехов, Школьная, Лесничество көшелері	2
	Ленин көшесі	1
	Жамбыл көшесі	1
	Энтузиасттар, Ерошенко, Дружба көшелері	2
	Блок, Садовая, К. Маркс, Алтынсарин көшелері	2
	60 лет Октября көшесі	1
	Лесная, Лермонтов көшелері	2
	Приозерная көшесі	1
	Приэлеваторная көшесі	1
	Больничный переулок, 1 Степная, 2 Степная көшелері	2
	Пушкин көшесі	1
	Советская, Зеленый Клин көшелері	2
	Октябрьская, 1 Мая көшелері	1
	Целинная көшесі	1
	Молодежная көшесі	1
	Мир көшесі	1
	Пацаев, Комсомольская көшелері	1
	Чкалов, Титов көшелері	1
	Абай көшесі	1
	Шевченко, Волков көшелері	1

	Кустанайская көшесі	1
	Герцен, Гвардейская көшелері	1
	Железнодорожная көшесі	1
	Горький, Нефтяниктер, Таран көшелері	2
	Калинин, 70 лет ВЛКСМ көшелері	1
	Шолохов, Островский көшелері	1
	Комаров, Толстой, Трудовая көшелері	2
	Строительная, Пролетарская көшелері	1
	Кутузов, Суворов көшелері	1
	Дзержинский, Королев, Вокзальная көшелері	2
	Базовая, Лихачев, Авторудная көшелері	2
	40 лет Победы, Автомобилисттер көшелері	1
	Новая, Киров көшелері	2
2	Лесное ауылы	3
3	Озерное ауылы	3
	Всего	51

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ